



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«САРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖ

**«БІРІНШІ КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ
ҮШІН ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖ
ЖҰМЫСЫНЫҢ АРАЛАС ФОРМАТҚА
БІРТІНДЕП КӨШУІ»**

Өскемен, 2021 жыл

Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру



Техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) ұйымдары жергілікті атқарушы органдардың шешімі және тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша қашықтықтан, аралас, штаттық форматтарда жұмыс істейді.

Іс-шаралардың барлық түрлерін, оның ішінде мәдени, тәрбиелік, бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу тоқтатылады.

1. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жақсарған кездегі бірінші курс білім алушылары үшін ТжКБ ұйымдарының жұмысын жандандыру-аралас және штаттық форматтарға біртіндеп көшу

(Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 3-ші тарауының 43-46 тармақтарынан)

1. Сырқаттану деңгейінің тұрақты төмендеуі кезінде аралас форматқа көшу 1-ші курс студенттерінің 2020-2021 оқу жылының екінші семестрінен бастап (негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім негізінде) жүзеге асырылады. */Жергілікті атқарушы органдардың шешімі және тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша аралас формат санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, штаттық режимде оқу пәндерінің (модульдерінің) 70% -дан аспайтын қатынасында анықталады/*
2. Штаттық режимде аудиторияларда сабақтар **бетперде режимін** ескере отырып, кемінде **1,5 метр арақашықтық сақтай отырып**, аудиторияны **15 адамнан артық** толтырылмаған кезде жүргізіледі.
3. ТжКБ ұйымы оқу жұмыс жоспарларына сәйкес оқытуды қашықтықтан және штаттық режимде жүргізу үшін пәндердің (модульдердің) тізімін дербес анықтайды. */Штаттық режимде 1-ші курс білім алушылары үшін оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының ерекшеліктері мен мазмұнына байланысты пәндер (модульдер) және аралық, қорытынды аттестаттауға (емтиханға) шығарылған пәндер (модульдер) жүргізіледі/*
4. Аудиториялық сабақтардың ұзақтығы штаттық режимде **45 минуттан** аспауы тиіс. Орын-жайларды санитарлық тазарту үшін сабақ арасындағы **үзілістер кем дегенде 10 минутты құрайды.**

БІРІНШІ КУРСТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ШТАТТЫҚ РЕЖИМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІ ШАРАЛАРДЫ САҚТАУ ҚАЖЕТ:

(Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 3 тарауының 3.1 бөлімінің 47-ші тармақшасы/

- 1) басталу және аяқталу уақытын көрсете отырып, сабақ кестесін құру;
- 2) қажет болған жағдайда, физикалық байланыстарды азайту үшін ауысымдардың саны арттырылады;
- 3) аудиторлық жүйені алып тастау, әр топ белгілі бір аудиторияларда орналасады;
- 4) кіру кезінде медицина қызметкерінің білім алушылар мен педагогтердің температурасын күнделікті өлшеуі;
- 5) кабинеттерді және барлық жайларды желдету, кварцтау;
- 6) қолды жуу және арнайы құралдарды пайдалану;
- 7) міндетті маска режимі енгізіледі;
- 8) әр екінші сабақтан кейін аудиторияларды ылғалды тазалау;
- 9) дәліздердегі, рекреациялардағы, холлдардағы және басқа орын-жайлардағы ауысымдар арасындағы ылғалды тазалау;

БІРІНШІ КУРСТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ШТАТТЫҚ РЕЖИМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІ ШАРАЛАРДЫ САҚТАУ ҚАЖЕТ:

(Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 3 тарауының 3.1 бөлімінің 47-ші тармақшасы/

- 10) ауырғандар анықталған жағдайда күн сайын температураны өлшеуге, ауру белгілерін анықтауға, білім алушылардың жағдайын бақылауға арналған медициналық кабинеттер мен оқшаулағыштардың жұмыс істеуі;
- 11) таза ауада дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру немесе спорт залдарын үнемі желдету;
- 12) кітап беру жөніндегі жұмысты қоспағанда, кітапханалардағы оқу залдары жабылады;
- 13) сыныптан тыс іс-шаралар мен ата-аналар жиналыстарын өткізуге тыйым салу;
- 14) студенттерге, педагогтарға, өндірістік оқыту шеберлеріне, басқа қызметкерлерге, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау туралы нұсқама жүргізу;
- 15) ТжКБ ұйымдарында кіре берістегі аяқ киімге арналған дезинфекциялаушы кілемшелер, барлық қабаттарда қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнату.

Оқытудың штаттық режимін ұйымдастыру кезінде тәуекел тобына жататын, мынадай айғақтары бар педагогтардың жұмысы шектеледі:

65 ЖАСТАН АСҚАН ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ

ҚАТАРЛАС ҚЖА БАРЛАРДЫҢ (АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТОНИЯ, СЖЖ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР)

ЖОҒАРҒЫ ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАТАРЛАС СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАРЫ (ӨСОА, БА, ӨКПЕДЕГІ ФИБРОЗДЫ ӨЗГЕРІСТЕР) БАРЛАРДЫҢ

ЭНДОКРИНОПАТИЯЛАРҒА (ҚАНТ ДИАБЕТІ, МЕТАБОЛИКАЛЫҚ СИНДРОМ, СЕМІЗДІК ЖӘНЕ БАСҚАЛАР) ШАЛДЫҚҚАНДАРДЫҢ

ИММУН ТАПШЫЛЫҒЫ ЖАҒДАЙЛАРЫНДАҒЫЛАРДЫҢ (ОНКОЛОГИЯЛЫҚ, ГЕМАТОЛОГИЯЛЫҚ, ИММУНОСУПРЕССИВТІ ТЕРАПИЯДАҒЫ НАУҚАСТАР ЖӘНЕ Т. Б.)

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ

БАСҚА ДА АУЫР СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАРЫ БАР ПЕДАГОГТЕРДІҢ



АТАЛҒАН АЙҒАҚТАРЫ БАР ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ КӨШІРУ ҰСЫНЫЛАДЫ

Дене қызуы бар білім алушылар үйлеріне қайтарылатын болады, егер де коронавирус ауыруының орын алғандығы расталғандығы жайлы жағдай орын алса білім алушы қашықтықтан білім алу форматына көшіріледі, ал колледж өз жұмысын ары қарай жалғастыратын болады

САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, 1-ШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ ТӘРТІБІ

(Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың №6 қосымшасы)

Білім беру ұйымдарының жатақханаларында демалыс және өзге де бұқаралық іс-шараларды өткізу тоқтатылады, үй-жайларды санитариялық өңдеуге және белгіленген өткізу режимінің қамтамасыз етілуіне бақылау күшейтіледі.

Жатақханадан шығуға оқу сабақтарына қатысу үшін және ерекше жағдайларда рұқсат етіледі. Тұратын адамдардың ғимаратқа кіруіне және одан шығуына, жатақханаларға бөгде адамдардың кіруіне жол берілмейді.

Жеке байланыстар шектеулі немесе мүмкіндігінше алынып тасталады.

Тұрмыстық, жуыну бөлмелеріне және басқа да қоғамдық үй-жайларға бару уақыт бойынша қатаң реттеледі.

Жатақхананың әрбір қабаты жанаспайтын шашыратқыш диспенсерлермен немесе оларды құюға арналған дезинфекциялық ерітіндісі бар санитайзерлермен жабдықталады.

Жатақханаларда қашықтықтан оқыту үшін жағдай (тұрмыстық жағдайлармен, компьютермен, интернетпен қамтамасыз ету) жасалады.

САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, 1-ШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ ТӘРТІБІ

(Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың №6 қосымшасы)

Қашықтықтан оқыту форматында оқу кезінде жатақханаларда тұратын адамдар азық-түлік дүкендері мен дәріханаларда сатып алу үшін шығуды қоспағанда, тұрақты тұратын орындарына немесе өзге де орындарға шықпайды

Білім алушылар қашықтықтан оқыту режимінде жатақханадан уақытша шыққан кезде жатақханадан шығу уақытын, қайтып келу уақытын және ол жіберілетін орынды көрсете отырып, білім беру ұйымын жазбаша, оның ішінде электрондық байланыс арқылы хабардар етеді

Білім беру ұйымы кәмелетке толмаған білім алушының жатақханадан шығуы туралы ата-аналарға (заңды өкілдеріне) хабарлайды

Білім беру ұйымдары жатақханадан шыққаннан кейін қайтып келген білім алушының денсаулық жағдайына қайтып келген күннен бастап 14 күнтізбелік күн ішінде мониторинг жүргізеді

Аралас форматта білім алып, жатақханада тұратын студенттерде міндетті түрде ноутбуктың немесе смартфонның болуы қажет

АСХАНАЛАРДЫҢ (БУФЕТТЕРДІҢ) ЖҰМЫСЫ ТОҚТАТЫЛАДЫ.

(Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 3-ші тарауының 41-ші тармақшасы)

ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

1. Ректор атына жазылған өтініш.
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (туу туралы куәлік немесе төлқұжат).
3. 3×4 көлеміндегі фотосурет (2 дана).
4. Білім алатын оқу орнынан анықтама.

Бұнымен қоса, 1-ші курс студенттері
Жоғары колледждің №3 оқу ғимаратынан
МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУДЕН
өтулері қажет

Санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, оқу процесін штаттық режимде ұйымдастыру

- Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай одан әрі тұрақты жақсарған жағдайда, аралық және бітіруші курстардың білім алушылары санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, штаттық режимге көшеді.

(Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 4-ші тарауының 49-ші тармақшасы)

- Қолайлы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай кезінде ТЖКБ ұйымы толық штаттық режимде жұмыс істей бастайды.
 - Сабақ кестесі, ауысым тәртібі, өзгерістер қалпына келтіріледі.
 - Студенттік жатақханалардың жұмысы жандандырылады.

(Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 5-ші тарауының 50-51-ші тармақшалары)

ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖДІҢ БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ

№	Лауазымы	Аты-жөні, тегі	Байланыс телефондары
1	Директор	Утепов Сарсен Дюсенбаевич	8-777-145-15-38
2	Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары	Толегенова Бибигуль Толегеновна	8-771-512-02-51
3	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Таранова Анель Сериковна	8-777-961-11-12
4	Директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары	Алиев Нуржан Рамазанович	8-778-748-88-16
5	Педагогикалық бөлімнің меңгерушісі	Исабаева Назгуль Ерболовна	8-705-665-04-34
6	Техникалық және гуманитарлық бөлімінің меңгерушісі	Багдатов Карлыгаш Багдатовна	8-777-148-67-16
7	Әдіскер	Карсакбаева Жадыра Капиолдановна	8-777-983-78-03
8	Психолог		8-777-961-11-12
9	Директордың қабылдау бөлімі		8(7232) 540-769